



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Сәуір айында көптеген өңірде азық-түлік пен қызмет бағасы қарқын алды

Астана қ.

2025 жыл, 16 мамыр

Сәуірде елде жылдық инфляция жеделдеп, **10,7%** (наурызда – 10,0%) болды. Жылдық инфляцияның қарқыны 18 өңірде байқалды. 1 өңірде баяулап, тағы 1 өңірде бұрынғы деңгейде сақталды.

Жылдық инфляцияның 13,8%-дық ең жоғары мәні Астана қаласында тіркелді.

Сәуірде **азық-түлік** тауарларының бағасы ж/ж 8,5%-ға (наурызда – 7,6%) дейін жеделдеді. Осы топтағы тауарлардың бағасы Ақмола облысында (11,2%) айтарлықтай жоғары өсім көрсетті. Ал Қызылорда облысы мен Алматы қаласында (6,8%-дан) төмен өсім байқалды.

Сәуірде **азық-түлікке жатпайтын** тауарлар бағасының өсу қарқыны ж/ж 8,9%-ға (наурызда – 9,1%) дейін баяулады. Ең жоғары мән Түркістан облысында (14,8%), ең төменгі мән Павлодар облысында (5,9%) тіркелді.

Сәуірде **ақылы көрсетілетін қызмет** бағасы ж/ж 15,7%-ға (наурызда – 14,3%) дейін жеделдеді. Сонымен қатар, Алматы қаласында (20,0%) баға жалпы республикалық деңгейден жоғары, Павлодар облысында (8,6%) айтарлықтай төмен өсім көрсетті.

Сәуірде **айлық инфляция** ел бойынша 1,2% болды.

Толық ақпарат Ұлттық Банктің [интернет-ресурсында](#)

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz